

"Меруерт" акционерлік қоғамын (Шымкент кондитер фабрикасы) жеке жоба бойынша жекешелендіруді аяқтау туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 5 шілде 1994 ж. N 752

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің Үлттық бағдарламасын қолдау және "Шымкент кондитер фабрикасын жеке жоба бойынша жекешелендіру туралы"

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 13 қантардағы N 63 Р940063_ қаулысына сәйкес оны жүзеге асыру барысында шетел инвесторларына жағдай жасау мен кепілдікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен "РДжР Набиско Холдинг Корпорейшн" (АҚШ) фирмасы арасында 1994 жылғы 20 мамырда қол қойылған "Меруерт" акционерлік қоғамының акцияларын сатып алу туралы Шарт мынадай негізгі ережелерді енгізе отырып, мақұлдансын:

Шарттың құны, сондай-ақ инвестицияларды жүзеге асыру бағдарламасы; жоғарыда аталған фирмаға "Меруерт" акционерлік қоғамы акцияларының 90 процентін сату;

инвестициялық конкурс өткізу барысында "РДжР Набиско Холдинг Корпорейшн" фирмасына республика министрліктері мен ведомстволары берген міндеттемелер мен кепілдіктер;

"РДжР Набиско Холдинг Корпорейшн" фирмасының қазақстандық корпоративті-бірлескен кәсіпорнына темекі өнімдерін өндірумен айналысу құқы.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Алтын акцияны" 5 жыл бойы ұстаушы болып табылады, сондай-ақ республикалық министрліктер мен ведомстволарға, сонымен қатар мемлекеттік акционерлік және холдингтік компанияларға республикада қолданылып жүрген занға сәйкес "Алтын акция" бойынша өздерінің өкілеттіктерін беруге және табыстауға құқылы деп саналсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жерді пайдалану құқығын беру жөнінде қажетті іс-шаралар өткізсін.

4. Шартқа сәйкес Қазақстан Республикасында сигарет және басқа темекі бұйымдарын өндірумен айналысатын "РДжР Набиско Холдинг Корпорейшн" фирмасының Қазақстан корпоративті-бірлескен кәсіпорны осы Шартта көзделген болашақта қабылданатын және тұтас алғанда темекі бұйымдарын өндірушілердің

барлығына қолдануға болатын, Қазақстан Республикасында келісім жасау күніне дейін қолданылып жүрген лицензиялау талаптарынан басқа тұрақты немесе мәміле жасалғаннан кейін белгілі бір жағдайларда қолданылып жүрген Қазақстан заңдарына сәйкес Шартта көзделген темекі өндірісін лицензиялау талаптарынан туындастын кез-келген шарттан босатылады.

5. Мұдделі министрліктер мен ведомстволар Шартты жүзеге асыру жөнінде қажетті іс-шаралар қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК